ЗАҢ газеті
zangazet@mail.ru
№89 (3517) 8 қараша 2022
ZANMEDIA.KZ
Қоғамдық-саяси, құқықтық газет



ШЕРХАН АТЫНДАҒЫ ШЕБЕРХАНА

2-бет



ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІ: БАР МА, ЖОҚ ПА?

3-бет



ТЕРГЕУ АЯҚТАЛҒАН ЖОҚ

8-бет

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІНІ САУАТТЫ ПАЙДАЛАНУ СОТ СЕРГЕЛДЕҢІНЕН ҚҰТҚАРАДЫ



**Бүгінгідей дамыған заманда кез келген адам блогер бола алады. Әлеуметтік желіде ақпарат тарату арқылы ол толыққанды БАҚ-қа айналады. Ел алдында жүрген, көпшілік іздейтін блогер болған жақсы. Бірақ көп адам әлеуметтік желіні сауатты пайдалануды білмейді. Сол себепті, сотта ар-намыс, қадір-қасиет және іскерлік беделді қорғау туралы талаптар саны артты. Осыған байланысты көпшілікке бірнеше ұсыныс айтқым келеді.**

*(Соңы 3-бетте)*

ТАЛҚЫ

# ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ – САЯСИ РЕФОРМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

**Конституциялық заңдарды қабылдау Әділетті Қазақстан құру жолындағы маңызды қадам. Парламент Сенатының кезекті жалпы отырысында палата спикері Мәулен Әшімбаев осылай деп мәлімдеді.**

Дәстүрлі басқосуда халық қалаулылары бірқатар конституциялық заңдарды қарап, қабылдаған болатын. Олардың қатарында «Конституциялық Сот туралы», «Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы», «Прокуратура туралы» ел өмірі үшін маңызды заңнамалар бар.

Жиын тізгінін ұстаған Мәулен Сағатханұлы алдымен Қарағанды облысының Шахтинск қаласындағы «АрселорМиттал Теміртау» АҚ шахтасында болған апат салдарынан қаза тапқан жұмысшылардың отбасыларына көңіл айтты және зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектестігін білдірді. Осы орайда, Әшімбаев мырза Мемлекет басшысы Үкімет пен Қарағанды облысының әкіміне апат себептерін анықтау үшін шұғыл шаралар қабылдауды және қайтыс болғандар мен жарақат алғандардың отбасыларына тиісті көмек көрсетуді тапсырғанын атап өтті. Сондай-ақ, палата спикері тергеу қорытындысына сәйкес мұндай қайғылы оқиғалардың алдын алуға қажетті шаралардың бәрін іске асыру аса маңызды екенін мәлімдеді.

Сенат төрағасы конституциялық заңдардың қабылдануына орай, жалпы Мемлекет басшысының саяси және экономикалық реформаларын заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету Парламент жұмысындағы негізгі басымдықтардың бірі екенін атап өтіп, «Елімізде жүргізіліп жатқан реформалардың басты мақсаты – адам құқықтарын қорғау жүйесін нығайту, билік тармақтарының және орталық пен өңірлердің арасындағы өкілеттіктер мен жауапкершіліктің теңгерімін қамтамасыз ету. Бүгін қабылданған заңдар демократиялық институттарды дамытуға, халықтың мемлекеттік және саяси құрылымдарға деген сенімін арттыруға ықпал етеді деп сенеміз. Бұл – Әділетті Қазақстан құру жолындағы маңызды қадам», – деді.

Осы ретте жаңа талаптарға сәйкес ел Президентінің саяси партияға мүше болуы тоқтатылатынын атап өткен жөн. Бұл норма барлық судьяларға, Орталық сайлау комиссиясының мүшелеріне және Жоғары аудиторлық палатаға да қатысты болмақ. Енгізілген өзгерістерге сәйкес жергілікті атқарушы органдардың басшыларына саяси партиялардың филиалдары мен өкілдіктерінде лауазымдар иеленуіне тыйым салынады.

«Қазақстан Республикасының Конституциялық Соты туралы» конституциялық заңға сәйкес құрылып жатқан жаңа институт азаматтардың конституциялық құқықтарының бұзылуына қатысты өтініштерді қарайды. Конституциялық сотқа жүгіну құқығы Бас прокурор мен Адам құқықтары жөніндегі уәкілге де беріліп отыр. Конституциялық Сот Жоғарғы Сот органы ретінде заңның үстемдігін қамтамасыз етеді, елдегі азаматтардың құқықтарын қорғауға кепілдік береді және халықтың мемлекеттік институттарға деген сенімін арттыруға септігін тигізеді.

*(Соңы 6-бетте)*

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

**Бақытжан ҚАРАМАНОВ,**
Павлодар облыстық сотының төрағасы:

# «СОТЫНА СЕНГЕН ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ АЛАҢДАМАЙДЫ»

***– Соңғы жылдары елдің саяси, әлеуметтік-экономикалық, құқықтық өмірінде көптеген өзгерістер орын алды. Әлемдік пандемиядан кейінгі онлайндық жүйе, «Жаңа Қазақстан» бағдарламасы сот жұмысына қалай әсер етті?***

– Мемлекет басшысы судьялардың VIII съезінде сөйлеген сөзінде пандемия жағдайында еліміздің сот жүйесі күрделі сынақтан өткеніне ерекше тоқталды. Президенттің айтуынша, карантинге қарамастан, азаматтардың құқықтары мен бостандығын қамтамасыз ету мәселесі күн тәртібінен алынған жоқ. Ақпараттық технологиялардың нәтижесінде сот процестерін онлайн форматқа жедел түрде ауыстыру мүмкіндігі туды, бұл қолайлы және үйлесімді шара болып табылады.

*(Соңы 5-бетте)*

САРАП

# ҚАЗАҚ ДЕТЕКТИВІ: БАР МА, ЖОҚ ПА?

*(Жазушы, журналист Жадыра Шамұратованың adebiportal.kz сайтындағы қазақ детективінің бүгіні мен келешегі туралы жазған мақаласын «Заң газетінің» оқырманына ұсынуды жөн көрдік).*

**Детектив қызық жанр, ол тек қылмыс туралы баян етпейді, адамның күрделі психологиясы туралы ойлануға мәжбүрлейді, адам баласының – өзіне Құдай берген керемет зерек ақыл-ойын қылмыс істеуге, оны жасыруға жұмсайтындығына таңғала отырып, із жасырудағы адам логикасының қаншалықты сыйымдылығы мен тапқырлығына таңғаласың да, ең соңында ешбір қылмыстың із-түзсіз кетпейтіндігіне, түбі бір ашыларына (әсіресе, классикалық детективте) көңілің жайланып, өзіңше түйін жасайсың.**

Бұл жанрды қазаққа қажеті жоқ деп есептейтін қаламгерлер барын да білеміз. Детектив элементтері кездесетін бірді-екілі классикалық шығармаларды айтпағанда, бұл тізімге келгенде Кемел Тоқаевтың, Қалмұқан Исабаевтың 2-3 шығармасынан кейін мүдіріп қалатынымыз да рас. Ал негізінде бұл жанрды дамыту арқылы жақсы шығармалардың жазылуына себепші болып, күнелтістің соңында кеткен халықты қазақ тілді шығарма оқуға бұруға болады десек ше...

Жақында Астанадағы «Абай» кітап үйі, «Эльдорадо», «Меломан», «Книжный», «Алматыкітап» сияқты кітап дүкендерін аралап, Кобо Абэнің өзімізге қажет кітабын іздеп таппадық, жалғыз «Flip» қана тапсырыс арқылы алдырамыз деп уәде берді. Ал осы дүкендердегі детектив жанрындағы кітаптардан көз сүрінеді. Кіреберістен бастап тізіліп тұр. Акция жасап, жарты бағасына сатып жатқандары қаншама?! Авторлардың аты-жөні мәлім болмаса да, кітаптардың дизайны, сапасы деген керемет. «Оның ішінен жақсы дүниені қалай танып табуға болады, арасында тұрпайылау беллетристикасы да жетерлік осылардың арасынан сапалы детективті табу үшін терлеу керек қой» деп ойлап тұрғанымызда бірнеше адамның детектив кітаптарын сатып алғанын көрдік. Өзіміздің қазақтар сатып алып жатыр (егер өтпесе осынша көп детектив тұрмас та еді). Ал енді осы мың сан кітаптың арасында қазақша детектив болған жоқ десем, осының өтірік деп ешкім айта алмас.

Құпия қай заманда да қоғамның қызығушылығын тудырған. Бірдеңенің сырын білуге деген осы құштарлық ақыры өнерге, оның ішінде әдебиетке де келді. Детектив сөзі ағылшынның «ашамын, әшкерелеймін» деген сөзінен шыққан екен де, ең алғашқы детектив шығармалар 1840 жылдары жазылған екен. Әсіресе, У. Коллинздің «Ақ киген әйел» шығармасынан кейін жанр танымалдыққа ие болып, детектив көптеп жазыла бастайды. Біз әдетте детектив десе Агата Кристидің мисс Марплын, Жорж Сименонның комиссар Мэгресін (негізі француз детективінің негізін салушы Э.Габорио), Конан Дойлдың Шерлок Холмсын, Э.Поның із кесуші Огюст Дюпенін («Морг көшесіндегі кісі өлімі»), Честертонның патер Браунын, Коллинздің мистер Каффын еске аламыз. Осы жазушылардың әрқайсысы жанрға өз ерекшелігімен келді. Дегенмен, Эдгар Поның ерекшелігі – ол детектив сюжетін ширықтыра отырып, жалпы қылмысты ашу кезіндегі алғырлығына қарай із кесуші мен полицияның арасындағы бәсекелестікті тудырғанын айта кету керек. «Неге осы шетелдік детективтерде полициядан бұрын жеке детективтер ширақ келеді?» дегенді әрқайсысымыз бір рет болса да ойлап көрген шығармыз...

## «НЕГЕ ҚАЗАҚТЫҢ АРАСЫНАН КІТАБЫ МИЛЛИОН ТАРАЛЫММЕН БАСЫЛАТЫН ДЕТЕКТИВШІ ШЫҒАРМАСҚА!?»

Соңғы кездері кенжелеу қалған деп саналатын осы детектив жанрында жазуға деген құлшыныс байқалады. Және оны жазатындар баяғыдан қаламы төселген жазушылар емес, негізінен сот, құқық қорғау саласындағы мамандар мен әдебиетке жаңадан келгендер. Қазақ детективін дамытамыз деп, осы олқылықтың орнын толтыру міндетін мойнына алып жүрген республикалық «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының» жыл сайын ұйымдастырып отырған байқауының өзі осы жанрға қызығатындарға кәдімгідей серпіліс бергенін айта кетейік. Байқауға ұсынылған шығармалар «Заң газетінде» жарияланып, оқырмандардың туындылармен танысуына мүмкіндік жасалады.

Бұл байқауды өткізу идеясы кімдікі, бұндай ой қашан келді, қалай жүзеге асты, демеушісі кім? Осы туралы білмек болып «Заң газетінің» бас редакторы Айнұр Сембаеваға хабарласқан едік.



**Айнұр СЕМБАЕВА,**
**«Заң газетінің» бас редакторы:**

*– Біздің байқаудың тарихы 2017 жылдан басталады. «Заң газетінің» 25 жылдық мерейтойын өткізу бойынша жұмыстар қызып жатқан кез еді. Басшымыз Досымбек Өтеғалиевке детектив шығармалар байқауын ұйымдастырсақ деген өтініш айттым. Ол кезде газетте «Үкім», «Тергеуші жазбалары», «Сот залынан» деген айдарлар тұрақты шығып тұратын. Таза детектив шығарма болмағанмен, бұл айдарлармен шыққан материалдарда шытырманның белгілері бар еді. Ал таза детектив жазып, осы жанрда қалам тербеп жүргендер тым аз болатын. Шетелдерде детектив жанры – ең танымал, ең көп табыс әкелетін әдебиеттің бір саласы ретінде мойындалған. Ресейде де таралымы ең көп кітаптардың көш басында детектив шығармалар тұрады. Ендеше, неге бізге Кемел Тоқаевтан кейін кенжелеп қалған жанрды жандандырмасқа? Неге қазақтың арасынан кітабы миллион таралыммен шығатын детективші шығармасқа? «Заңдықтардың» жобаны қолға алғандағы негізгі мақсаты осы еді. Біздің ұсынысымыздан кейін Досымбек Қонысбекұлы жобаның қаржылық мәселесін шешуге кірісіп кетті.*

*Шындығында бұл байқау – үлкен ізденістің жемісі. Жаңа істі бастамас бұрын жанрдың табиғатын түсіну үшін Жамбыл атындағы кітапханаға арнайы барып, Ғазиза Құдайбергеновадан бірталай кітапты құшақтай қайтқанымыз әлі есімде. Одан кейін өзге елдердегі детектив байқаулардың табиғатына үңілдік. Жобаны зерттедік, тексердік. Ақыры 2018 жылдың наурызында байқау жарияланды. Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауын жұртшылық жылы қабылдады. Бірінші жыл ұйымдастырылғанына қарамастан қоржынымызға 72 шығарма түсті. Осы жылдың 12 желтоқсанында Алматы қалалық сотында жүлдегерлерді марапаттадық. Сол кездегі сот төрағасы Нұрғазы Әбдіқанов шараның жоғары деңгейде өтуіне барынша қолдау білдірді. Алғашқы байқауға төрелік еткен ғалымдар Сағымбай Қозыбаев, Дәулет Байделдинов, ақын Аманхан Әлімұлы мен жазушы Елеусіз Мұратұлы бастаған қазылар детектив жанрында жазылған шығармаларды талдап, әдебиеттің дамуына үлес қосқан байқаудың болашағына сәттілік тіледі.*

*Міне содан бері үзбей Кемел Тоқаев атындағы байқау бес жыл қатарынан ұйымдастырылып келеді. Биыл төрт жылғы үздік шығармаларды жинақтап «Шытырман» деген кітап шығардық. Жобамыздың жылдан-жылға танымал болып, детектив жанрының жандануына ықпал етіп келе жатқаны рас. Әр жыл сайын детектив шеберлері арасынан миллионер шығару біз үшін үлкен жетістік. Осының өзі жобамыздың діттеген межеге жақындай түскенін аңғартса керек.*

## «ШЫҒАРМАЛАР ЖЫЛДАН-ЖЫЛҒА КҮРДЕЛЕНІП КЕЛЕДІ»

Қазақ жазушылары көрінбейді демесең, жалпы алғанда, детектив жанры бүгінде көпшілік оқырманның ықыласына бөленіп отырған жанр: адамның ойын бөліп, сергітетін, тіпті, көңіл көтеретін қасиетінен бөлек, логиканы да дамыта түседі. Детективте қылмыскер әлдебір сиқырдың емес, логикалық ақыл-ойдың көмегімен табылуы тиіс. Ал оның бәрін жалғап отыратын бір шеңбер мен дәлелдерге негізделген анализ керек екені анық. Тіпті, қылмыс жасаушы жалғыз емес, оның көмекшісі болған күннің өзінде де негізгі салмақ қылмыскердің өзіне түсуі тиіс және мұнда ұзақ-сонар баяндаулар, атмосфера беретін суреттемелер, мінездеулер болмайды (көркем әдебиеттегі жазушылардың детективті көркем дүниеге жатқызбайтындығының себебі содан болса керек). Енді не болар екен, енді қайтер екен? – деп соңына дейін оқып келгенде ол қылмыс адамның өзіне қол жұмсауынан немесе бақытсыз жағдайдан болса ішің ашып кететіні бар, оған кеткен уақытыңды аяйсың. Айталық, біз Коллинзді не үшін жақсы көреміз? Онда автор кейіпкерін сыртынан бақылап, бізбен бірге қызықтап отырып жазады. Сонымен бірге детектив шығармада «осының қылмысқа қатысы бар-ау» деген, яғни қылмысты жасауға қақы немесе себебі бар адамдар болатыны да қызықтырып, баурай түседі. Ал, шынында мұның бәрі оқырманды шатыстыру үшін керек. Сосын ол адам не үшін соған барды? – дегенді ойлап жүргенің.

Жалпы бүгінгі детектив шығарма жазып жүрген қаламгерлердің аяқ алысы қалай, даму бар ма? Бұл турасында республикалық Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауына түскен шығармаларды түгел оқып, қараған жазушы Серік Әбікенұлынан сұрадық.



**Серік ӘБІКЕНҰЛЫ, жазушы:**

*– Қазақ әдебиетінде детектив жанры кенжелеп келе жатқаны баршаға аян. Неге олай екенін білмедім, әйтпесе әлем танитын Шерлок Холмсты біз де танимыз, Артур Конон Дойлдың «Шерлок Холмс жайлы әңгімелерін» тамсанып оқығанбыз. Ал, Кемел Тоқаевтың «Түнде атылған оқ», «Сарғабанда болған оқиғасын» оқыған, кейіпкерін білетін адам көп пе? Насихат кемшін еді. Мәселен, 2000-жылдарда дүңгіршек біткенді украиналық Александра Марининаның кітаптары басып қалды. Кітап дүкенінде де осы көрініс. Томтом кітаптарды дорбалап көтеріп әкетіп жататын. Ресейлік, украиналық киногерлердің осы бағыттағы телесариалдары әлі күнге нарықта дес бермей тұр. Ал, АҚШ-та 1941 жылы Дэшил Хэметтің шығармасы желісінде түсірілген «Мальта қаршығасы» кинокартинасы әлі күнге дейін Голливуд түсірген көрермені көп, үздік жүз фильмнің ортасында тұр. Демек, детективке сұраныс бар.*

*«ЗАҢ» Медиа-корпорациясы» К.Тоқаев атындағы байқауды бастағалы 4-5 жылдың жүзі болды, түскен шығармаларды барынша қалдырмай оқуға тырысамын. Бір ғана байқау бір жанрдың осынша өрлеуіне себепкер болады деп ойламаппын. Қазақ қаламгерлері жылдан-жылға өрлеп, шығармалары күрделеніп келеді. Әу баста бірсыдырғы баяндау басым еді, кімнің қылмыскер, қылмысты не үшін жасағанын алғашқы абзацтан кейін-ақ біліп отыратынсың. Детектив шығарманың басты мақсаты оқырманды соңғы сөйлемге дейін арбап отыруында болса керек. Биылғы байқауда осы үдеден шыға білген шығарма көп болды. Бұл – зор жетістік. Сол әңгімелердің арасында оқиғаны барынша күрделі берген «Қылмыскердің күлкісі», «Үтіктегі қан», «Жазба сыры», т.б. шығармалар бар. Қанат Ғұмаровтың «Қателесуге тыйым салынадысы» өте жақсы жазылған, оқиғасы тартымды шығарма екен. Кейіпкері Артемды бүркей түсіп, оның сиқыр (гипноз) қолдануын ұштап жіберсе мистикалық детектив болып шыға келер еді. Белгілі ақын Елена Әбдіхалықованың «Қасіреті» де қоғамның сыздаған жарасы – діни радикализмнің кесірін ашық жеткізген дүние болыпты. Осынша шығарма арасынан көптің дауысымен Асхат Өмірбаевтың «Қылмыскердің күлкісі» атты әңгімесі озды. Асхат тек Жетісу емес, тұтас қазаққа танылып келе жатқан қаламгер, «Алтын қалам», «Дарабоз» секілді іргелі байқауларда топ жарған, жазуға төселген, қалыптасқан жазушы. Жеңімпаздарға құтты болсын деймін!*

*Жазушылардың детектив жазуға тез машықтанып келе жатқанын айттым. Бұл тек байқауға қатыссам, жүлде алсам деген ниеттен тумаса керек. Қазіргі шығармалар бәрі бір сарынды: оқиға – полиция – тергеуші – қылмыскер, яғни, полициялық фабуламен өріліп жатыр. Ал, әдебиеттің бұл тармағы өркендеуі үшін бұның психологиялық детектив, тарихи детектив, жабық детектив, саяси детектив деген сан алуан түрі қатар дамуы керек. Саяси қылмыс бізде өте көп, оны жазушылық қиялмен көркемдей жеткізсе талай адам бас алмай оқитын туынды болары анық.*

*Жалпы, қазіргі беталыс қуантады, болашақта қазақ қаламгерлері арасынан әлем сүйініп оқитын детектив-жазушы шығатынына кәміл сенемін.*

## ДЕТЕКТИВ ЖАНРЫМЕН БІРГЕ КРИМИНАЛИСТІК ҒЫЛЫМ ДА ДАМЫП ОТЫРҒАН

Иә, жазушы айтқандай беталыс жаман емес, осындай байқаулар талай детектив шеберінің жолын ашуы мүмкін. Сөйтіп, күндердің күнінде Эдгар Поның шығармасындағыдай ұлы детективтің образы жасалады деп сенейік. Әрине, бұған уақыт керек. Және сондай «сегіз қырлы, бір сырлы» тергеуші не детектив-полицейдің образы жасалған кезде, біздің қоғам да жақсы жағына өзгеруі мүмкін ғой.

Мысалы, Эдгар По шығармасын новелла деп атай отырып, қылмысты ашуда логикалық шешім жасайтын әдіс-тәсілдерін көрсетеді, сюжеттік әрекет пен бұрылыстар, өмірі кілттеніп тұратын бөлме ме, ашпайтын өтірік кілт бар ма, соның бәрін ойнатады. Оның осы тәсілдері Артур Конан Дойлге әсер еткен дейді. Кейін Шерлок Холмс пен Доктор Ватсонның орнына Раффлз және Банни деген екі алаяқтың образы дүниеге келді. Бұл образдарды әкелген Эрнест Уильям Хорнунг сол Конан Дойлдың өзінің күйеу баласы. Жалпы, зерттей қараған көзбен назар аударсақ, детектив жанры дамыған сайын криминалистік ғылым да дамып отырған. Киімдегі қан дағы адамдікі ме, аңдыкі ме, содан бастап айырып, келе-келе антропометрикалық белгілер, фотороботтар, саусақ ізі, детектор деген сияқты әдіс-тәсілдер де кеңіп, олар туралы алғашқы идеялар жазушылардан шығып отырғанын айта кетейік (Тағы да қайталап айтайық, өнерді жасайтын қиял).

Бүгінде басқасын біле бермейміз, орыстарда бұл жанрда жазылған кітаптардың көптігі былай тұрсын, арнайы ғылыми жұмыстар жазыла бастаған. Ал бізде қалай? Біздің детектив деп жүргеніміз ағылшынның, француздың, корейдің детективіне ұқсамайды. Бұл дұрыс та шығар. Дегенмен, олардың көбі детектив талаптарына жауап бермейтін сияқты көрінеді: егер тергеуші жазса ол құрғақтау, қиялдан ада болады, тергеу амалдарына көп мән беретін сияқты, егер судья жазса оқиғаны ойнатып, ширатуға емес, жалпы процеске көңіл бөледі, егер жазушы адам жазса ол жартылай мистика немесе басқа бірдеңеге ұқсап көрінеді.

Бұл бағытта не дейді екен деп оқырманға «Банкирдің өлімі», «Махаббаттың ажалы», «Бет перде» атты детектив кітаптарымен таныс, санаулы детектив жазушыларының бірі Зияш Телеуованың пікірін білгіміз келді.



**Зияш ТЕЛЕУОВА, жазушы:**

*– Иә, мен әлеуметтік желіде жарияланған детектив жанрындағы шығармаларды оқып жүрмін. Көбісі құр баяндаумен шектеледі. Детектив – көркем әдеби шығарма. Мен шетелдік, европалық детективтерді көп оқыдым. Неге олардың оқырманы көп? Себебі, олардың туындылары өмірдегі реализмге жақын. Оқырмандары детективті оқып отырып, өмірді көреді. Әрине, әдеби тіл де керек. Дегенмен қазіргі уақытта тек қана әдеби тілмен ұзаққа шаба алмайтынымыз біліну тұр.*

*Детективтің ерекшелігі – оған әлемдік деңгейде ізденіс, терең білім керек. Сонымен қатар, өкінішке қарай, әлі де өреміз жетпей отырған терең психологиялық толғаныс қажет. Меніңше, бұл жанрда бәрін де тізгінді тартып қолдану керек. Барлық детальдарды уысқа қысып ұстап, суыртпақтап шығарып отырмасаң, оқырманды жалықтырады. Мистикалық толғаныстар көбінесе детектив жанрында қолданылмайды. Стивен Кингтің үрей шақыратын шығармаларындағы мистика қорқыту құралы ғой. Мен мистика қолдануды ұнатпаймын. Детектив онсыз да сондай көріністерден құралақан емес. Детектив жазудың қиындығы оның стилі, тілі басқа. Біздің көптеген талапкерлеріміз, тіпті детектив жазып жүрген тәжірибелі қаламгерлер әдеби тілге түсіп кетіп, содан шыға алмай қалады. Сосын ол көркем шығарма мен хикаяттың арасында қалып қояды. Детективті нақты деректермен толықтырып отыру да тиімді әдіс. Бұл үлкен ізденісті қажет етеді. Жуырда «Дәуір» баспасынан «Бет перде» деген детектив кітабым шығып жатыр. Осы кітап көптеген сауалдарға жауап берді деп ойлаймын.*

* * *

Жұмбақ детектив, тарихи детектив, әлеуметтік детектив, полиция детективі, реалистік детектив, натуралистік детектив, әдеби детектив, айлакерлікке толы немесе басы аяғына ауысып кеткен, «ми ашытатын» детектив дейсіз бе, жалпы, детектив не үшін керек, ол бүгінгі адамның ақыл-ойына нәр бере ме, шаршағанды баса ма, болмаса миды жұмыс істеуге мәжбүрлеп, өз бетінше қылмыскерді тапқанынан ләззат алу үшін керек пе? Бұны тап басып айту қиын.

Қалай десек те, детектив дегеніміз құпияның төресі. Аса шебер жазылған шығармаларда оқырман қиялына кеңістік қалады, құпияны өз бетінше ашуға мүмкіндік беріледі. Детектив деген терминнің өзін детективтің анасы саналатын Анна Кэтрин Грин (біз Агата Кристиді детективтің анасы деп жүрміз) енгізген. Оның «Ливенуорт ісі» деген шығармасы бас айналдырар табысқа ие болған. Ол өзі заңгердің қызы болған, тергеу процедураларын бес саусағындай білген, ал қорқынышты құпиялар мен адам шошитын қылмыстар оның қиялының жемісі. Кейде ешқандай қылмыс жасалмаса да готикалық лепте жазылатын шығармалар да детектив аталады. Ал классикалық детективтің ерекшелігі – мораль, құндылықты биікке көтеруде, әділдік орнап, қылмыскердің түбінде ұсталуы маңызды.

**Жадыра ШАМҰРАТОВА**

Бақытжан ҚАРАМАНОВ,
*Павлодар облыстық сотының төрағасы:*

# «СОТЫНА СЕНГЕН ЕЛ ЕРТЕҢІНЕ АЛАҢДАМАЙДЫ»



*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Әлемді жайлаған індетке байланысты сот процестері IT технологияларды қолданумен онлайн-режимде өтуде. Облыстық сотта цифрландыру жүйесі ілгері дамып келеді. Қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істер бойынша сот процестері ақпараттық технологиялардың көмегімен бейнеконференция байланысы, соның ішінде «TrueConf», «Skype», «Whatsapp» мобильді қосымшалары арқылы қашықтан жүргізілуде. Сондай-ақ, барлық сот құжаттары «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі арқылы түседі. Халық технология тілін жақсы меңгергенін атап өту керек. Қашықтан сотқа қатысатын адамдардың саны артуда.

***– Павлодар облыстық сотының бүгінгі жай-күйі жайлы да айта отырсаңыз. Онлайн формат кезінде сырттай шешім шығару, судья шешіміне наразылық секілді көпшілік тарапынан орын алатын түсініспеушіліктер кездесті ме? Судьялардың жұмысын қарапайым халық қалай бағалап жүр?***

– Бұрынғы заңнама бойынша судьялар сырттай шешім шығаруға құқылы болатын. Атап айтқанда, егер отырыстың өткізілетін орны мен уақыты тиісті түрде хабарланған, тараптар келмей қалуының дәлелді себептерін хабарламаған және істі өзі жоқта қарауды сұрамаған жауапкер сот отырысына келмей қалған жағдайда, іс бойынша сырттай шешім шығарылуы мүмкін еді (ҚР АІЖК-нің 24-тарауы). Алайда, 2021 жылғы 20 желтоқсандағы № 84 заңмен бұндай заң нормалары күшін жойды. Сондықтан, судьялар мен сот хатшылары (мамандары) тараптарды отырыстың өткізілетін орны мен уақыты туралы тиісті түрде хабарлауға бар мүмкіншіліктерді (технологияларды) қолданады.

Кез келген азамат заңы үстемдік құрған елде еркін, бейбіт өмір сүргісі келеді. Сотына сенген ел өзінің ертеңгі күніне сенімді, балаларының болашағы үшін де алаңдамайды, өз мемлекеті мен оның заңын сыйлайды, кәсібімен уайымсыз айналысады, заң мен тәртіпке бас иеді. Жалпы, мемлекеттік билікте соттың алатын орны ерекше. Халық сотқа соңғы үмітін арқалап келеді, заң орнынан әділдік іздейді. Сотқа келуші тараптардың қабылданған шешімге көңілі толмаса, бүкіл мемлекеттік билікке ренішін білдіреді.

Біз өзіміздің мәселемізді, кемшіліктерімізді жасырмай, ашық түрде жеткізе білсек, қоғам біздің қызметіміздің қыр-сырын жақсы білетін болады. Ал, қоғам жұмысымыздың қыр-сырын білген сайын, судьяларға деген талап өседі. Бұл түбінде бізге нені береді? Қоғам білгеннен кейін, біздің әр қадамымыз, сөзіміз жұрттың бақылауында болады. Халықтың бақылауында болғаннан кейін, әрбір судья, әрбір сот төрағасы жұмысын жақсартуға, кемшілігін жоюға ұмтылады.

***– Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында көптеген заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп, гуманизация, сотқа дейінгі татуласу, медиация, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс секілді заңдар қатарға қосылды. Сот жүйесіне бұл өзгерістердің көмегі, жеңілдігі болды ма?***

– «Медиация туралы» заң 2011 жылдың 28 қаңтарында қабылданды. Яғни, бұл заңның біздің мемлекетімізде қызмет атқарғанына 10 жылдан аса уақыт өтті. Халық медиация институты және басқа да татуласу рәсімдері туралы көбірек хабардар болуы үшін облыстың судьялары, соның ішінде, бірінші сатыдағы судьялар тұрақты негізде көптеген ақпараттық және түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Барлық іс-шаралар бұқаралық ақпарат құралдары арқылы, халықтың назарына жеткізілді. Бейнеролик түріндегі репортаждар әлеуметтік желіден, теледидардан көрсетілді.

Облыс судьялары тұрақты негізде «Бірінші студия» телевизиялық бағдарламасына (тікелей эфирде) қатысып, өз пікірлерін білдіреді. «Неделя» газетінде «Сот залынан» айдары бар, мұнда судьялардың мақалалары тұрақты жарияланады.

Адамдар көп жиналатын орындар (әуежай, сауда үйі, жол бойында) LED-экрандарда медиация тақырыбына бейнероликтер беріліп тұрады. Сонымен бірге, облыс орталығының көшелерінде «Медиация: сотта және соттан тыс» жобасы бойынша билбордтар орналасқан. Осындай билбордтар Ақсу және Екібастұз қалаларында да көрнекі жерге ілінген.

Облыстық соттың Оқу орталығы заңды тұлғалар арасындағы дауларды шешу жөніндегі бітімгершілік рәсімдер бойынша сот актілері жинағын, еңбек заңнамасы бойынша сұрақ-жауап жинағын, «Балалардың тәрбиесіне байланысты даулар бойынша медиация туралы» әдістемелік ұсыныстар құрастырды. Еңбек заңнамасы бойынша сұрақтар мен жауаптар жинағы Павлодар облысының кәсіпкерлер палатасымен бірлесіп шығарылды. Бұл әдістемелік жинақ облыстың кәсіпкерлер палатасында ұсынылып, облыстық барлық соттарға жіберілді.

«Бизнесті сот арқылы қорғау» жобасы аясында Павлодар облысының кәсіпкерлер палатасының кеңсесінде медиаторлар кабинеті ашылды, оның қызметі кәсіпкерлердің медиация бойынша ақысыз кеңес алуына бағытталған.

Жаңадан қабылданған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекс сот жүйесін жетілдіруге арналған. Атап айтқанда, кодекс билік органдарымен дау-дамайларды қарау барысында азаматтардың құқықтарын қорғауды сапалық жаңа деңгейге шығаруды көздейді. Әртүрлі жария-құқықтық дауларды шешуде тараптардың теңдігін, қоғамның сотқа деген сенімін арттыру, сот тәжірибесінің біріздiлігін қамтамасыз ету басты мақсат етіп қойылған.

Азаматтық процестік кодекске сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу міндеттерінің бірі – дауды бейбіт жолмен реттеуге жәрдемдесу болып табылатынын атап өту керек. Істерді қарау кезінде судьялар бекітілген меморандумдар шеңберінде билерді, медиаторларды, Кәсіподақ орталығының, Ұлттық кәсіпкерлер палатасы өкілдері мен келісу комиссияларының өкілдерін тарту бойынша жұмыс жүргізуде. Жалпы айтқанда, бұрын-соңды болмаған игі іс-шаралар атқарылып, бүгінде оң нәтижесін беріп отыр.

***– Қоғамда қызығушылық тудыратын істерді қарау қаншалықты қиын?***

– Резонансты істер мен күнделікті қаралатын істердің айырмашылығы, біздің елімізде әлі шешім шығарылмаған, қарау процесінде жүріп жатқан, шешім (үкім) күшіне енбеген істі бұқаралық ақпарат құралдарында талқылаумен байланысты. Оған қоса блогерлер істі қарау барысына теріс ықпал еткісі келеді. Бірақ, әрбір судья сот төрелігін іске асыру кезінде тәуелсіз және тек Конституция мен заңға ғана бағынатынын ұмытпайық.

***– Күрделі істердегі адвокаттар мен прокурорлардың жауапкершілігі жайлы не айтар едіңіз?***

– 2017 жылдың 30 маусымындағы «Прокуратура туралы» заңға сәйкес, прокуратура мемлекет атынан Қазақстан аумағында заңдылықтың сақталуын заңда белгіленген шекте және нысандарда жүзеге асырады. Сондай-ақ, сотта мемлекеттің мүддесін білдіреді және мемлекет атынан қылмыстық қудалауды жүзеге асырады, заңдылықты бұзуды, оларға ықпал ететін себептер мен жағдайларды, олардың зардабын анықтауды және жоюды жүзеге асырады.

Ал 2018 жылғы 5 шілдедегі «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» заңға сүйенсек, адвокат заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін барлық соттарда, мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда қорғауға және білдіруге, заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға, заңнамаға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

Прокуратура қызметкерлері елімізде заңдылықты сақтауда, ал адвокаттар білікті заң көмегін көрсеткенде өз міндеттері мен мақсаттарына жауапкершілікпен қарауға тиісті. Бұл заңды шешім шығаруға да сөзсіз өз нәтижесін береді. Егер прокуратура мен адвокатура қызметкерлері тиісті түрде міндеттерін атқарса, сотпен бірге әділетті қоғам құруға зор үлес қосар еді.

***– Судьялар тарапынан орын алатын қателіктер көп пе? Оларды қалай жоюға болады? Судьялардың біліктілігін көтеру үшін қандай шаралар атқарылып жатыр?***

– Халықта «Жұмыс істемеген ғана қателеспейді» деген тағылымды сөз бар. Сотта әрдайым ұтылатын да, ұтатын да – тараптар. Сот актілерімен келіспеу туралы шағымдар тиісті қылмыстық, азаматтық, әкімшілік іс жүргізу тәртібімен қаралады. Осы тұста судьялардың іс-әрекетіне қатысты келіп түскен шағымдар Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес, сондай-ақ, Судьялар одағының филиалы жанындағы Сот әдебі жөніндегі комиссиясында қаралады.

2022 жылдың 8 айында Судья әдебі жөніндегі комиссияға 8 өтініш түсті. 2021 жылдың дәл осы кезеңінде комиссияда 7 өтініш жолданған екен. Осылайша, өтініштер санының 1-ге немесе 14,3%-ға артқаны байқалады.

Павлодар облысы соттары судьяларының біліктілігін көтеру үшін дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізіледі. Сонымен қатар, шетелде де тәжірибе алмасу мақсатында іссапарларға барады.

***– Соңғы кездері сот жүйесінде үлкен өзгерістер орын алып жатыр. Жаңа технологиялар, жаңа толықтырулар мен жаңғыртулар. Судья заманауи өзгерістерден сырт қалмас үшін не істеу керек?***

– Енгізілген электрондық сервистер сот процесіне қатысушыларға орасан зор мүмкіндіктер береді, азаматтар үшін сот жүйесінің қолжетімділігін оңайлатады, судьялар мен мамандардың жұмысын жетілдіреді.

«Сот кабинеті», бейнеконференц байланыс, мобильді-бейнеконференц байланыс сияқты сервистер, дыбыс-бейне жүйесі, «Smart-сот» бағдарламасы, «TrueConf», «Skype», «WhatsApp» мобильді қосымшаларына әлемнің кез келген нүктесінен қосылу мүмкіндігін тек Қазақстанда тұратын тараптар ғана емес, алыс-жақын шетелдердің азаматтары болып табылатын тараптар да пайдалана алады. «Виртуалды сот», «Төрелік» автоматтандырылған ақпараттық-талдамалық жүйе, ақпараттық қауіпсіздік, «Цифрлық Қазақстан», «Е-сот», мобильді қосымшалар, құжаттарды беру үшін интернет-сервистер және электрондық қызмет көрсетудің басқа да түрлері қоғам мен сот жүйесінің өзара әрекеттесуі үшін принциптік жаңа мүмкіндерге жол ашты. Ал мемлекеттік қызметкерлер осымен бірге сенімді және адал көмекшілер болуға тырысады.

Біздің соттар әлемдік пандемия басталған кезде елімізде жарияланған төтенше жағдайдың алғашқы күнінен онлайн форматта сот отырыстарын өткізуге заңнамалық және техникалық тұрғыдан дайын болды. Бізге тек серверлік қуатты және электронды сақтау көлемін ұлғайтуға, бірқатар IT сервисті жетілдіруге тура келді. Бүгінде республикадағы сот процестерінің 95-97 пайызы онлайн режимінде өтеді.

Онлайн сот процестері аумақтық кедергілерді жояды, уақыт пен материалдық ресурстарды үнемдейді, іс бойынша тараптардың ыңғайлы қолжетімділігін қамтамасыз етеді. Сот актілері процесс тараптарына судьяның цифрлық қолтаңбасымен электрондық түрде жіберіледі. Осылайша, IT сервистер арқылы сот төрелігіне кедергісіз және ыңғайлы қолжеткізуге жол ашылды.

ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (ҚР Жоғарғы Сотының аппараты) бірыңғай практика қалыптастыру мақсатында «Сот практикасының цифрлық талдамасы» ақпараттық жүйесін әзірлеген. Сонымен қатар, департамент тарапынан роботизация саласында жоба әзірленуде. Сол жобаның шегінде шаблонды сот актілерін робот арқылы жасауға мүмкіндік пайда болды. Соттарда электронды құжат айналымы белсенді түрде қолданылуда, қылмыстық, азаматтық және әкімшілік істер электронды түрде қаралады.

***– Мемлекеттік тіл мәселесі өзге салалар секілді сот саласында да өзекті. Павлодардың контингенттік ерекшелігі тағы бар. Жалпы, өңірдегі мемлекеттік тілдің тыныс-тіршілігі жайлы, соттағы үлес салмағы жайлы не айтар едіңіз?***

– Мемлекеттік тілді меңгеру – Қазақстанның әрбір азаматының міндеті. Конституцияның 7-бабында Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі деп бекітілген. Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады. Осыған ұқсас ережелер «Тіл туралы» заңның 4-бабында (11.07.1997 ж.) көрсетілген.

Биыл бірінші жартыжылдықта 810 іс мемлекеттік тілде қаралды. Бұл, ең алдымен, Азаматтық іс жүргізу кодексінің 14-бабына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымы белгіленуімен байланысты. Талаптар, өтініштер көбіне орыс тілінде түседі.

Қылмыстық-процестік кодекстің 30-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал қажет болған кезде басқа тілдер де қолданылады. Қылмыстық процесті жүргізетін орган істі орыс тілінде немесе басқа тілдерде жүргізу қажет болған кезде сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы уәжді қаулы шығарады. Қылмыстық істер де сотқа негізінен орыс тілінде түседі. Облыстың соттарына мемлекеттік тілде түсетін кіріс хат-хабарлар санының артқанын айта кеткен жөн. Сонымен, биылғы 8 айда кіріс хат-хабарлар саны 123894. Оның ішінде мелекеттік тілде 45034, яғни 36,4 пайызды құрайды.

ҚР Жоғарғы Соты тарапынан «Сот актілерінің мемлекеттік тілдегі үлгілерінің жинағы» АҚШ Халықаралық даму агенттігінің гранты бойынша Жоғарғы Сот және Америка заңгерлері қауымдастығының құқық үстемдігі бастамасы сот жүйесі бағдарламасының шеңберінде шығарылды. Сонымен бірге, облыстық соттарда барлық судьялар мен сот қызметкерлерінің мемлекеттік тілді еркін және тегін меңгеруі үшін барлық қажетті ұйымдастырушылық, материалдық-техникалық жағдайлар жасалды.

***– Судьялардың жалақысы жоғары, мәртебесі биік. Абыроймен зейнетке шыққандардың жағдайын да мемлекет толық жасап отыр. Соған қарамастан судьялар арасында парақорлық әлі тыйылмай келеді. Бұған түбегейлі тосқауыл қою үшін не істеу керек деп ойлайсыз? Жемқорлықпен күресудің жолдары қайсы?***

– Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың құқықтық, ұйымдық және өзге де механизмдерін әзірлеу және енгізу сот қызметі тиімділігінің қажетті элементі болып табылады.

Қазақстан Республикасы және облыстық соттарда жемқорлықпен күресуге байланысты бірқатар іс-шаралар өткізілді. Атап айтқанда, қауіпсіздік қызметінің жеке құрамы күшейтіліп, ашық және қатаң конкурстар арқылы адал мансаптық өсу енгізіліп, судьялар басы артық істерден босатылды.

Кіріс істердің саны үш есеге қысқартылды. Демек, жемқорлық азайып, сапа артты. Аумақаралық соттылық енгізіліп, 1 тамыздан бастап істер автоматты түрде бір соттың ішінде емес, елдегі барлық соттардың ішінде олардың мамандануына қарай бөлінуде. Таныс-тамырды пайдалану мүмкіндігі едәуір азаяды, демек жемқорлық деректері де кемиді.

Соттарды қаржыландырудың жаңа принципі енгізілді. Оның мәні: сот жүйесі 2023 жылдан бастап барлық мемлекеттік аппараттың қажеттілігіне бөлінетін бюджеттің шығыс бөлігінің кемінде 6,5 пайызын кепілді түрде иеленетін болады. Қаржыны судьялық өзін-өзі басқару органы – Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысы бөледі.

Соттардағы сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне үзілді-кесілді ымырасыздық ахуалын құру жолында сот жүйесіндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігін арттыру, судьялар корпусының бүкіл құрамы мен сот жүйесінің қызметкерлерін сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жұмылдыру маңызды.

Павлодар облысының соттары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар бойынша түрлі дәрістер, семинарлар, дөңгелек үстелдер өткізеді. Әр сотта сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша ақпараттық стендтер орналасқан.

Сотқа келушілерге қажетті ақпараттарды, атап айтқанда, ҚР Жоғарғы Сотының, облыстық соттың, ішкі қауіпсіздік және облыстық соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің «сенім телефондары» жеке және заңды тұлғаларды қабылдау кестесі, ішкі қауіпсіздік және облыстық соттардағы сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімі басшысының телефон нөмері көрсетілген.

***– Уақыт тауып ой бөліскеніңізге рақмет!***

**Шолпан РАҚЫМҚЫЗЫ,**
**«Заң газеті»**

ТАЛҚЫ

# ОМБУДСМЕН ИНСТИТУТЫН НЫҒАЙТУ – САЯСИ РЕФОРМАНЫҢ МАҢЫЗДЫ БӨЛІГІ

*(Соңы. Басы 1-бетте)*

Сол секілді отырыста қабылданған «Прокуратура туралы» конституциялық заң аудандардан бастап орталыққа дейінгі прокуратураның бүкіл жүйесі мен құзыретін айқындайды. Сенат төрағасының айтуынша, бұл заң маусым айында өткен республикалық референдум нәтижесінде Конституцияға енгізілген өзгерістерді іске асыру үшін әзірленді. Құжатқа сәйкес прокуратураның негізгі мақсаттары адамды, оның өмірін, құқықтары мен бостандықтарын мемлекеттің ең жоғары құндылықтары ретінде қорғау, ел аумағында заңдылықты қамтамасыз ету болып айқындалды. Осылайша прокуратура органдарының қызметі алғаш рет конституциялық заңмен реттеліп отыр. Мұндай қадам құқық қорғау жүйесін нығайтуға үлкен үлес қосары сөзсіз.

«Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы» конституциялық заңның нормалары бойынша омбудсмен өз өкілеттігін жүзеге асыру кезінде қандай да бір мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардан тәуелсіз болады және есеп бермейді. Сондай-ақ, уәкіл өзінің лауазымдық міндеттерін орындауға байланысты өзіне белгілі болған жағдайлар туралы куә ретінде жауап алуға жатпайды. Уәкілдің мұндай мәртебесі қазақстандықтардың құқықтық кепілдіктерін күшейтуге мүмкіндік береді.

Жаңа құжат жайлы Мәулен Әшімбаев: «Бұл заң жобасында адам құқықтары жөніндегі уәкілдің құқықтық жағдайы мен оның қызметін ұйымдастыру мәселелері айқындалған. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл қызметінің негізгі міндеті адам мен азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдесу. Омбудсмен институтын нығайту Президентіміздің бастамасымен құқықтық, демократиялық, әлеуметтік мемлекет құру үшін қолға алынған саяси реформалардың маңызды бөлігі», – деді.

Сонымен қатар, отырыста «Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Мемлекет басшысының 2022 жылғы 16 наурыздағы жолдауын іске асыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» конституциялық заң талқыланып, қабылданды. Бұл құжат бойынша 8 конституциялық заңға түзету енгізілмек. Олардың қатарында «Қазақстан Республикасының Президенті туралы», «Қазақстан Республикасының Парламенті және оның депутаттарының мәртебесі туралы», «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» және тағы басқа заңдар бар.

Сенат төрағасының айтуынша, бұл конституциялық заңмен бірқатар маңызды құқықтық нормалар Конституцияның жаңа ережелерімен сәйкестендірілді. Нақты айтқанда, ел Президентінің өкілеттік мерзімі бір реттік 7 жылдық мерзіммен шектеледі. 20 қарашаға жоспарланған кезектен тыс Президенттік сайлау осы өзгерістер ескеріле отырып өтеді. Мәжіліс пен мәслихаттарды қалыптастырудың аралас үлгісін енгізуге құқықтық негіз пайда болды. Қабылданған заң әкімдерді сайлау жүйесін аудандар мен облыстық маңызы бар қалалардың кезең-кезеңімен қолдану мәселелерін де қамтиды. Заңда Сенат пен Мәжілістің заң шығару процесіндегі функцияларға қатысты жаңа нормалар да бар. Осы және басқа да өзгерістер азаматтарымыздың сұраныстары мен мүдделерін ескеретін жаңа саяси модель қалыптастыруға өз үлесін қосады деп сенеміз», – деді Мәулен Әшімбаев.

Тұтастай алғанда енгізілген өзгерістер мен толықтырулар азаматтардың елді жаңғырту ісіне қатысу мүмкіндігін арттыра түспек. Сондай-ақ, жаңа нормалар жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігін нығайту және көппартиялылықты қалыптастыру үшін қолайлы құқықтық жағдайлар жасайды.

5 қарашада Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев осы заңдарға жария түрде қол қойып, олардың негізінде жасалып отырған конституциялық реформаның Қазақстан тарихында жаңа дәуір басталғанын айқындайтынын мәлімдеді. Оның айтуынша, бұл қадамдар соңғы үш жылдағы саяси өзгерістерді орнықтырып, мемлекетімізді одан әрі нығайту үшін мықты негіз қалайды.

**А.ТҰРМАҒАНБЕТОВА,**
*«Заң газеті»*

ТҮРКІ ӘЛЕМІ

**Түркияның Бұрса қаласында 1-5 қараша аралығында «Қорқыт ата» халықаралық түркі әлемі кинофестивалі өтті. Оны ұйымдастырған Түркияның мәдениет және туризм министрлігі мен Бұрса қалалық әкімдігі.**



# «ҚОРҚЫТ АТА» КИНОФЕСТИВАЛІНЕН ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАР ОЛЖАЛЫ ҚАЙТТЫ

Түркі мәдениетін және өнерін дамыту халықаралық ұйымы (ТҮРКСОЙ) тарапынан түркі әлемінің 2022 жылғы мәдени астанасы деп жарияланған қалада биыл екінші рет өтіп отырған бұл шараға Түркия, Әзірбайжан, Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Түрікменстан елдерінің 52 фильмі ұсынылған. Фестивальде отандастарымыздан ойын киносы аталымы бойынша продюсер Анара Қашағанова, ал деректі кино аталымы бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, режиссер Сатыбалды Текеев қазылар алқасы құрамында төрелік жасады.

Қазақстан атынан бұл кинофестивальде 10 көркем және 14 деректі фильм қатысқан болатын. Олардың арасынан «Ақ боз үй» көркем фильмінде ойнаған К.Кемалов «Үздік актер» сыйлығына ие болды. Продюсер Қанат Төребай «Түркі мәдениетін дамытуға қосқан үлесі үшін» марапатына ие болды. Ал деректі фильмдер аталымы бойынша режиссер Алексей Каменскийдің «Еуразия билеушілері» картинасы екінші орын алды.

Фестиваль аясында Мәдениет және спорт министрлігінің қолдауымен Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы Қазақстан киносының күндерін ұйымдастырды. Онда Бұрса тұрғындары мен қонақтары «Дос-Мұқасан», «Мұқағали» өмірбаяндық драмасын, «Ұлы дала таңы» және «Ақ боз үй» тарихи таспаларын, «Еуразия билеушілері» деректі фильмін, «Мұзбалақ» анимациясын, Қазақстан мен Татарстан бірлесіп шығарған «Тарлан» картинасын тамашалады.

Қазақ киносының аңыз тұлғасы, Қазақстанның халық әртісі Нұржұман Ықтымбаевтың айтуынша, бұл фестиваль өзгелерден ерекше. Ол ең алдымен кино өнері арқылы түркі халықтарын біріктіруге қызмет етеді. Бұл тілі, діні бір, ділі бір бауырлардың кино өнері саласы бойынша тұңғыш кинофестивалі. Болашақта шара ТҮРКСОЙ құрамындағы өзге елдерде жалғасын табады. Мәселен, келесі жылы ол түркі әлемінің 2023 жылғы мәдени астанасы деп жарияланған Әзірбайжан елінің Шуша қаласында өтетін болады.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**
*«Заң газеті»*

ТӘЖІРИБЕ

# ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ БОЙЫНША ҮШ ІС ЖОЛДАНДЫ



**Көкшетау қалалық сотында үш азаматтық іс бойынша тараптар өзара келісім арқылы эксаумақтық соттылықты таңдап, қолдану туралы өтініш білдірді. Соған сәйкес сот АПК-нің 32-бабына сүйеніп істерді басқа өңірлерге жолдады.**

IT жүйесі, жұмысбастылық пен мамандандыру мәселелерін ескере отырып, жоғарыдағы істерді автоматты түрде республика соттарының арасында бөлгенде:

1) мәмілені бүркемеленген деп тану туралы талап арыз Шымкент қаласының Қаратау аудандық сотына бөлінді;

2) оқу уақытына алименттерді өндіріп алу туралы талап арыз Астана қаласының Байқоңыр аудандық сотына бөлінді;

3) «Евразия» сақтандыру компаниясы» акционерлік қоғамына сақтандыру төлемін өндіріп алу туралы талап арыз Алматы қаласы Әуезов аудандық № 2 сотына бөлінді.

2022 жылдың 1 тамызынан АПК-нің 32-бабындағы өзгерістер қолданысқа енгізілді. Оларға сәйкес, тараптар өзара келісім бойынша эксаумақтық соттылықты таңдай алады.

Эксаумақтық соттылықты қолдану тек екі тараптың келісімі болғанда ғана мүмкін. Бұл үшін, істі сот талқылауына дайындау барысында тараптар сотқа эксаумақтық соттылықты қолдану туралы қол қойылған өтінішхат жолдайды.

Заңның осы нормасын қолдану республика соттарындағы жүктемені біркелкі бөлуге әсерін тигізіп, сот жүйесінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың тиімді құралына айналады.

**Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі**

КӨРМЕ

# СУРЕТТЕР СЫР ШЕРТЕДІ

**ҚР Мемлекеттік орталық музейінде қазақстандық суретшілердің «Ұлы таулар шыңдары» атты көрмесі ашылды.**

Арнайы көрмеге қатысу үшін Алматы, Астана, Семей, Қарағанды, Шымкент, Қызылорда, Павлодар, Талдықорған қалаларынан 35 суретші жиналды. Қылқалам шеберлері қазанның 16-сы мен 21-і аралығында «Шымбұлақ» тау-шаңғы курортында ұйымдастырылған пленэр аясында нәтижелі жұмыс жасап, жүзден астам қайталанбас туындыны паш етті.

«Шымбұлақта пленэр өткізу ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің тікелей қаржылық қолдауының арқасында мүмкін болды. Көрмеге суретшілер тегін қатысты. Біз барлық ұйымдастыру шығындарын және оларға қажетті материалдар мен бояуларды қамтамасыз еттік. Сондай-ақ, шығармашылыққа толық еркіндік беріп, суретшілерді пән таңдауда бір шеңберге мәжбүрлемедік», – дейді ұйымдастырушылардың бірі «Social Development Center» қоғамдық қорының директоры Біржан Қазтұрғанов.

Көрме аясында өнер сүйер қауымның назарына 100-ге жуық бірегей авторлық жұмыстар ұсынылып отыр. Олар – әсемдігі жағынан көркем пейзаждар, керемет таулар, қар шыңдары, күннің батуы мен таңның атуы. Тіпті кенептерде бейнеленген тұспалдар мен парадокстар олардың сұлулығымен, қиялының аукымымен және авторларының ішкі әлемінің тереңдігімен таң қалдырады десек те артық болмас.

Бұл көрменің бір ерекшелігі – инклюзивтілікті қамтамасыз ету. Жобаға ерекше қажеттіліктері бар суретшілер белсенді қатысып отыр. Олардың арасында танымал жас суретші Жанар Абжанова өзінің үш туындысын көрмеге қатыстыруда.

Ұйымдастырушылар мұндай іс-шаралардың тұрақты болуы керек екендігін айтуда.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,**
*«Заң газеті»*

МЕЖЕ

# АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ ТИІМДІЛІГІ ЗОР

**Бүгінгі таңда еліміздің сот саласында енгізіліп жатқан ақпараттық технологиялар соттардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, халықпен кері байланыс орнатуда жоғары көрсеткіштер көрсетіп, жұмыс сапасының артуына септігін тигізді.**



**Г.ДЖАНГЛЫШБАЕВА,**
**Ақтөбе қаласы №3 сотының судьясы**

Электронды сот төрелігін іске асыру халықтың сотқа деген сенімін, сот төрелігіне қолжетімділігін, оның ашықтығын және жариялылығын арттыруға жол ашты. Сот жүйесін жаңартуға бағытталған жаңашылдықтар жүйелі жүзеге асып, соттар заманауи технологиялардың артықшылығын өз тәжібесінде жетік қолдана бастады.

Соңғы жылдары сот жүйесі заманауи ақпараттық технологиялар арқылы электронды іс қағаздарын жүргізуге және сот ісін жүргізуге ауысу бойынша үлкен жұмыстар атқарып келеді. Қазір күнделікті сот тәжірибесінде соттар IT технологиялар мен ғаламтор ресурстарының мүмкіндіктерін көбірек пайдалана бастады. Себебі, ол сот төрелігін жүзеге асыру процесін жеңілдетіп, оңтайландырады және автоматтандырады, ең бастысы, халықтың қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасының барлық соттарына «Төрелік» ақпараттық жүйесі, «Сот кабинеті» сервисі, «Электронды шақыру қағазы», «Сот құжаттарымен танысу» сервисі, «SMS хабарлама» сервисі, «Талдау» форумы, сот органдарымен байланысу CALL-орталығы, сенім телефоны, дыбыс-бейне жазатын құрылғылар, бейнеконференция арқылы сот төрелігін жүзеге асыру секілді жаңа ақпараттық технологиялар қызметі енгізіліп, сұранысқа сай қызмет етуде.

«Сот кабинеті» электрондық ақпараттық сервисі – сот органдарындағы жүйелі ақпарат берудің кеңейтілген тәсілі десек қателеспейміз. «Сот кабинеті» арқылы сотқа талап арыз беру, сот отырысының хаттамасына ескерту келтіру, өтініш, арыз, шағым және электрондық түрдегі өтінімдерді әзірлеу және беру, мемлекеттік алымдарды онлайн түрінде төлеу, деректерді сақтау мен біріктірудің қауіпсіздігі секілді әрекеттерді жүзеге асырады.

Электрондық цифрлық қолтаңбасы бар республиканың кез келген азаматына үйден шықпай-ақ «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы елдің кез келген сотына талап арыз беріп, кейіннен оның қаралу динамикасын бақылап отыруға мүмкіндік бар. Ақпараттық технологиялардың қарыштап дамуы және осыған байланысты қоғам сұранысының артуы оны сот жүйесінің қызметінде пайдалануды ұдайы жетілдіруді қажет етеді. Міне, бүгінде аталмыш сервис 50-ден астам электронды қызмет көрсету мүмкіндігіне ие. Осы қызметтердің ішінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға, бюрократтық кедергілерді жоюға, сот отырыстарын дыбыс-бейне жазба құралдарымен түсіріп алу жүйесі қарқынды қызмет көрсетуде. Халық үшін тиімді болатын, әрі сот отырысының хаттамаларын алмастыра білген осы жүйе қолайлы сервистердің бірі саналады.

Айта кететіні, қауіпті індеттің таралуына байланысты сот жүйесі толықтай онлайн форматқа көшті. Іс құжаттары, талап арыздар мен өтініштер «Сот кабинеті» электронды сервисі арқылы қабылданады. Ал, сот отырыстары «WhatsApp», «TrueConf» және «Zoom» мобильді қосымшаларының көмегімен өткізілуде. Мұның бәрі халық пен сотты жақындатуға, қызмет сапасын арттыруға, сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға елеулі ықпал етері анық.

РЕЙД

# ТАБИҒАТ ҚОЛДАУҒА ЗӘРУ



**Қазан айының 20-сы мен қараша айының 19-ы күндері аралығында облыс көлемінде «Браконьер» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.**

Іс-шараның басты мақсаты – табиғат қорғау заңнамасын бұзу деректерін анықтап, биологиялық ресурстар объектілері мен өнімдерінің заңсыз айналымының жолын кесуге, экологиялық қылмыстарды ашуға бағытталған.

Жүргізілген рейдтік шаралар барысында полицейлер 17 күнде табиғат қорғау заңнамаларын бұзушылықтың 125 дерегін тіркеді. Оның ішінде жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және аң аулау қағидаларын бұзудың (ҚР ӘҚБтК-нің 382-бабы) 89 дерегі анықталды, балық аулау және балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау қағидаларын бұзудың (ҚР ӘҚБтК-нің 383-бабы 1,2,3,4-бөліктері) 26 дерегі тіркелді. Жеке және заңды тұлғалардың қаруды заңсыз иеленіп алуы, беруі, өткізуі, сақтауы, алып жүруі, тасымалдауы (ҚР ӘҚБтК-нің 482-бабының 1-бөлігімен) бойынша 9 әкімшілік хаттама толтырылып сотқа жолданды. Ал азаматтық, қызметтік, марапаттық, коллекциялық қаруды, оның патрондарын иелену, беру, есепке алу, сақтау, пайдалану, тасымалдау, Қазақстан Республикасының аумағына әкелу, Қазақстан Республикасының аумағынан әкету және Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзитпен өткізу тәртібін бұзу бойынша (ҚР ӘҚБтК-нің 484-бабының 1-бөлігімен) 5 әкімшілік хаттама толтырылып, айыппұлдар салынды.

Мәселен: рейд барысында полиция қызметкерлері Қармақшы ауданында далалық жерде «Уаз» автокөлігі тоқтатқан. Тексеру барысында автокөліктің жүк салғышынан жарық шам (прожектор), 1-ұңғылы 16-калибрлі, екі аңшы мылтығы, прожектор және жабайы жануарлардың еті тәркіленді. Күдікті ретінде үш азамат ұсталды.

Аталған дерек бойынша ҚР ҚК-нің 337-бабының 1-бөлігімен (адамдар тобы, алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобы жасаған заңсыз аң аулау) сотқа дейінгі тергеп-тексеру әрекеттері жүргізілуде. Сараптамалар тағайындалды. Оқиғаның мән-жайы анықталуда.

**Қызылорда облысы
ПД баспасөз қызметі**

## ӘРТҮРЛІ

### САҚТАНДЫРУ ПОРТФЕЛІН БЕРУ РӘСІМІНІҢ АЯҚТАЛУЫ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ

«Коммеск-Өмір» Сақтандыру компаниясы» АҚ, «Коммеск-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ болып өзгертілді, мүдделі тұлғаларды «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру бойынша сақтандыру портфелін беру рәсімінің аяқталғаны туралы хабардар етеді.

Сақтандыру портфелін қабылдаған сақтандырушы туралы ақпарат: «Сентрас Коммеск Life» Өмірді сақтандыру компаниясы» Акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі 11.10.2020ж. берген №2.2.7 «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыру құқығына лицензия, орналасқан жері: Алматы қ., Наурызбай батыр к-сі, 19, Тел.:+7 (727) 244 74 00, ресми сайт: www.ckl.kz.

Филиалдық желі:

- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Алматы қ. филиалы, 050008, Алматы қ., Бостандық ауданы, Мыңбаев к-сі, 151, «Verum» БО, 1 қабат, тел. +7 (727) 259 77 55;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Астана қ. филиалы, 010000, Астана қ., Сарыарқа ауданы, Жеңіс даңғ., 16, 10 үй, тел. +7 (7172) 44 54 12;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Атырау қ. филиалы, 060011, Атырау қ., Исатай даңғылы, 58, кеңсе 5, тел. +7 (7122) 59 77 55;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Қарағанды қ. филиалы, 100000, Қарағанды обл., Қарағанды қ., Әбдіров даңғ., 17 үй, тел.+7 (721) 241-33-97;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Көкшетау қ. филиалы, 020000, Ақмола обл., Көкшетау қ., М. Әуезов көшесі, 268 үй, тел. +7 (7162) 50 22 21;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Павлодар қ. филиалы, 140011, Павлодар қ., Естай к-сі,89, п/н106, тел.+7 (7182) 50 94 04;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Талдықорған қ. филиалы, 040000, Талдықорған қаласы, Шевченко көшесі,140, 2 пәтер, тел. +7 (7282) 24 26 21;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Өскемен қ. филиалы, 070000, Өскемен қ., Нұрсұлтан Назарбаев даңғ. 22, п/н18, тел. +(7232) 57 75 75;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Орал қ. филиалы, 090000, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғ., 203 үй, 127 пәтер, тел. +(7112) 55 47 02;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Түркістан қ. филиалы, 161201, Түркістан қ., Тәуке хан к-сі, 246, тел. +(7252) 30 10 29;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Тараз қ. филиалы, 080000, г. Тараз, ул. Ниеткалиева, д.6, кв.18,19,20, тел. +(7262) 43 49 23;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Ақтау қ. филиалы, 130000, Ақтау қ., 9 ықш., 29 үй, 77 пәтер, тел. +(7292) 51 00 15;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Ақтөбе қ. филиалы, 030000, Ақтөбе қ., Пацаев к-сі, 6 үй, 4 кеңсе, тел. +(7132) 53 64 40;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Қостанай қ. филиалы, 110000, Қостанай қ., Байтұрсынов к-сі, 95 үй, тел. +(7142) 54 59 88;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Қызылорда қ. филиалы, 120013, Қызылорда қ., А. Тоқмағамбетов көшесі, 27 үй, 16 пәтер, тел. +(7242) 27 18 30;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Шымкент қ. филиалы, 160011, Шымкент қ., Майлы Қожа к-сі, 17 үй, 62, 71 кеңсе, тел. +(7252) 59 77 55;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Петропавл қ. филиалы, 150000, Петропавл қ., Жұмабаев көшесі, 101, тел. +(7152) 36 44 85;
- «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ Семей қ. филиалы, 071400, Семей қ., Шәкәрім к-сі, 54, тел. +(7222) 52 60 55.

2022 ж. 1 қарашадан бастап «Коммеск-Өмір» СК» АҚ-ның еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру шарттары бойынша, оның ішінде қолданылу мерзімі өткен, олар бойынша «Коммеск-Өмір» СК» АҚ сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар, қайта сақтанушылар) алдында міндеттемелері болған немесе болашақта міндеттемелердің туындау ықтималдығы бар және олар бойынша сақтанушылар (пайда алушылар) сақтандырушыны ауыстыруға жазбаша нысанда ешбір бас тарту көрсетілмеген сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша қабылданған тәуекелдер бойынша барлық құқықтары мен міндеттемелері «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ-ға өтті.

2022 жылғы 1 қарашадан бастап «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ берілген сақтандыру портфеліне енгізілген сақтандыру шарттары бойынша барлық міндеттемелерді орындайды. Сақтандыру портфелінің құрамында берілген сақтандыру шарттарын орындауға байланысты барлық мәселелер бойынша жоғарыда көрсетілген мекенжайлар мен «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ телефондары бойынша хабарласуға болады. Клиенттерге қызмет көрсету кеңселерінің жұмыс кестесімен «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ сайтында танысуға болады.

11. «Tycoon Invest» ЖШС, БСН 101040018144, ҚР, ю/А, Алматы қаласы, Түрксіб ауданы, Зимняя көшесі, 1Б, байланыс телефоны: +77058100420, жаңадан пайда болған «Орал Пром Снаб» ЖШС бөлу арқылы өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап жоғарыда көрсетілген мекенжай бойынша 2 (екі) ай ішінде қабылданады.

12. Кадырова Наталья Витальевна, 8 қараша 1959 жылы туған, Ресей Федерациясының тумасы Шевченко Виталий Николаевичті қайтыс болды деп жариялау туралы арызбен Семей қалалық сотына жүгінді. Шевченко Виталий Николаевичтің жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Семей қалалық сотына мына мекенжай бойынша: Семей қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 22, тел.: 8 778 322 0771, хабарласуын сұраймыз.

13. Гущина Раиса Ивановна, 4 маусым 1956 жылы туған, Целиноград қаласының тумасы Крепп (Кантя) Татьяна Михайловнаны, тұрған жері Павлодар облысы, Аксу қаласы, Қалқаман ауылы, жұмыс істемеген азаматшаны қайтыс болды деп жариялау туралы арызбен Аксу қалалық сотына жүгінді. Крепп (Кантя) Татьяна Михайловнаның жүрген жері туралы мәліметті немесе басқа да ақпаратты білетін адамдардың жарияланым берілген күннен бастап үш ай мерзімде Аксу қаласы, Строители көшесі, 12, тел.: 8(718-37)-50824, 8747-3408596, мекенжайы бойынша Павлодар облысының Аксу қалалық сотына хабарласуын сұраймыз.

## ЖОҒАЛТУ

5. «АРЭРа» ЖШС, БСН 121040014779, мөрлері жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

### «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ «Коммеск–Өмір» СК» АҚ сақтандыру портфелін қабылдау туралы хабарлайды

2022 жылғы 2 қарашада «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ мен «Коммеск–Өмір» ӨСК» АҚ (бұрынғы атауы «Коммеск–Өмір» СК» АҚ) арасында 2022 жылдың 12 шілдесіндегі Қазақстан Республикасының № 138-VII «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сақтандыру нарығын және бағалы қағаздар нарығын, банк қызметін реттеу және дамыту мәселелері бойынша өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы» заңының 12-бабы 2-тармағына сәйкес «Коммеск–Өмір» СК» АҚ сақтандыру портфелін беру туралы шарт жасалды.

«Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ сақтандыру портфелін беру нәтижесінде «Коммеск–Өмір» СК» АҚ бұрын жасасқан барлық сақтандыру шарттары бойынша сақтандырушы мәртебесіне ие болды:

- қызметкерді еңбек (қызметтік) міндеттерін атқару кезінде жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру.

Заңнамаға сәйкес «сақтандыру портфелі» – сақтандыру ұйымының сақтандыру шарттары бойынша, оның ішінде қолданылу мерзімі өткен сақтандыру шарттары бойынша қабылданған тәуекелдер бойынша жиынтық міндеттемелері, олар бойынша сақтандыру ұйымы міндеттемелерді көтереді не сақтанушылар (сақтандырылушылар, пайда алушылар, қайта сақтанушылар) алдында міндеттемелердің туындау ықтималдығы бар.

Берілген сақтандыру портфеліне енген барлық шарттар бұрынғы шарттарда қолданысын жалғастырады. Сақтандыру портфелінің «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ қабылдауы қолданыстағы сақтандыру шарттарын қайта жасасуды талап етпейді, оларға өзгертулер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жалпы тәртіппен енгізілетін болады және сақтандырушының өзіне қабылдаған міндеттемелерін орындауына әсер етпейді.

Анықтама:

«Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ 2019 жылғы 27 желтоқсанда құрылды. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі берген, «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру (қайта сақтандыру) қызметін жүзеге асыруға құқық беретін 2022 жылғы 11 қазандағы №2.2.7 лицензия негізінде қызметті жүзеге асырады.

Компанияның өңірлік бөлімшелері Қазақстанның әкімшілік орталықтарында орналасқан.

Компания «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ қатысушысы болып табылады.

2022 жылғы 1 қазандағы жағдай бойынша «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ активтері 8 222 мың теңгеден асты, сақтандыру резервтері – 4 815 мың теңге, меншікті капиталы – 3 317 мың теңге.

Қосымша ақпарат алу үшін «Сентрас Коммеск Life» ӨСК» АҚ баспасөз орталығына Шведкова Юлияға хабарласуға болады: тел.(727) 244-74-00, e-mail: Y.Shvedkova@kommesk-omir.kz.

4. «Қазақстан» Республикалық Телерадиокорпорациясы» акционерлік қоғамы сату бойынша электрондық аукционын өткізетіні туралы хабарлайды:

1. Daewoo Nexia, м/н 608AY02, нарықтық құны 1220000 теңгені құрайды;

2. ГАЗ 2705-242, м/н 879AY02, нарықтық құны 1714560 теңгені құрайды;

3. SKODA SUPERB B, м/н 037CX02, нарықтық құны 4670 000 теңгені құрайды,

Бағаны көтеруге арналған Аукцион 2022 жылғы 22 қарашада сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін веб-порталда өтеді www.gosreestr.kz.

Анықтама телефондары: 8 (727) 393-21 - 52.

Кепілдік жарнаның мөлшерлерімен, электрондық аукционды өткізу тәртібі туралы, сауда-саттыққа қатысуды рәсімдеу тәртібі туралы және жеңімпазды айқындау шарттары туралы электрондық сауда алаңында және «Ақпараттық-есептеу орталығы» АҚ сайтында жария қолжетімділікте болатын электрондық сауда-саттықты өткізу регламентімен танысуға болады. www.gosreestr.kz.

Қосымша ақпаратты 8 (727) 393-21 52 («Қазақстан «РТРК» АҚ) және 8 (7172) 55-29-81 («Ақпараттық-есепке алу орталығы» АҚ) телефондары арқылы алуға болады.

## ТАРАТУ

6. Кредиторлар мен мүдделі тұлғалардың назарына!

«UCB Pharma GmbH» Қазақстан Республикасындағы өкілдігі, БСН 980542001029, өзінің еркіті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Наразылықтар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 101 үй, 9 қабат, блок «В», пошталық индексі 050012.

14. «Кредиторлар мен мүдделі тұлғалардың назарына!

«Aquila Solar» («Акила Солар») жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 140340013733, өзінің ерікті түрде таратылатыны туралы хабарлайды. Наразылықтар осы хабарландыру жарияланған сәттен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Алмалы ауданы, Төле би көшесі, 101 үй, 9 қабат, блок «В», пошталық индексі 050000.

## МҰРАГЕРЛІК

7. 12.05.2022 ж. қайтыс болған аз. Ахатов Сәулебек Зиятдинұлына қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлерінің және мүдделі тұлғалардың Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласулары қажет. Тел.: 87014743502.

**Баспасөз – 2023**



**Құрметті оқырман!**

**«Заң газеті»** және **«Юридическая газета»**, **«Заң», «Фемида»** басылымдарына жазылу жалғасып жатқанын естеріңізге салғымыз келеді.

**Төл басылымдарыңыздан қол үзіп қалмаңыздар!**

Біздің басылымдарға **«Қазпошта» АҚ** бөлімшелері, **«Қазпресс» ЖШС** дүңгіршектері және Алматы қаласындағы **«Дауыс»** жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

✓ **«Заң газеті»**

*жеке тұлғалар үшін* – 65921,

**ҚАЛАЛАРҒА:**
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4284,66 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 8569,32 ТЕҢГЕ

**ОБЛЫСТАРҒА:**
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 4506,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 9012,12 ТЕҢГЕ

*заңды тұлғалар үшін* – 15921

**ҚАЛАЛАРҒА:**
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5184,66 ТЕҢГЕ , 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10369,32 ТЕҢГЕ

**ОБЛЫСТАРҒА:**
6 АЙЛЫҚ БАҒАСЫ – 5406,06 ТЕҢГЕ, 1 ЖЫЛДЫҚ БАҒАСЫ – 10812,12 ТЕҢГЕ

zanreklama@mail.ru

**ҚҰЛАҚҚАҒЫС!**

**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ**
**«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе zanreklama@mail.ru электронды поштасына жолдаңыз.**

**ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874**

8. 12.05.2022 ж. қайтыс болған аз.Туменбаев Талгат Жарасбековичке қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлерінің және мүдделі тұлғалардың Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласулары қажет. Тел.: 87014743502.

9. Қызылорда облысы, Сырдария ауданының жеке нотариалдық кеңсесінде Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кентінде тұрған, 17.10.2022 жылы қайтыс болған Есенов Расул Абуталиповичтің атынан мұралық істің ашылғандығын хабарлайды. Осы аталған мұралық іс бойынша мұрагерлер Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, Тереңөзек кенті, Алиакбаров көшесі №5 мекенжайындағы жеке нотариалдық кеңсеге хабарласуға құқылы.

Атырау облысының судьялар корпусы және Соттар әкімшісінің ұжымы, сот жүйесінің ардагерлері, Судьялар одағының Атырау облыстық филиалы сот жүйесінің ардагері Гүлнар Рамазанқызы Хаженоваға аяулы анасы

**Қойшекенова Танзиланың**

дүниеден өтуіне байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**

**Алматы қаласы**
Тел.: 8(727) 292-43-43,

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru
zanreklama.kz

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**

**ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyisaity.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.**

**ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.**

**«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.**

**ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.**

**«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС,** Павлодар қаласы,Крупская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

**«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com**

**ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.**

**ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.**

**Арлан-консалтинг ЖШС,** Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

**«Грация» ЖШС,** Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

**«ЮрСлужба» ЖШС,** Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

**«Версия-Пресс» ЖШС,** Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

**Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК,** Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

**ЖК «Бакирова Г.»,** Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

**Михеева Ольга Станиславовна ЖК,** Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07,ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

**«Озат-1» ЖШС,** Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

**ЖК «SAPA KZ»** Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779,e-mail:zan-at@mail.ru.

**«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС** Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

**«Реклама» ЖШС,** Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

**ЖК «Сагидоллина Б.»,** 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8,«Лина» шаштаразы. ardawka_94@mail.ru,Тел: 87058762218.

**«Компания Жете» ЖШС,** Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

**ЖК Гавриленко И.И.,** Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

**«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.**Қызылорда қ.,Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

**ЖК Тажибаева,** Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ХҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

**ЖК Новоселова Лилия,** Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

**ЖК «Reklam Servise»,** Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

**ЖК «Выдай»,** Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

ЗАҢ газеті
№89 (3517)
8 қараша 2022
zangazet@mail.ru



# ТЕРГЕУ АЯҚТАЛҒАН ЖОҚ

*(Соңы. Басы газеттің №88 санында)*



– Сізді түсіндім. Жаланың жолын жабамыз, аға. Тиісті мекемеге тапсырма беріледі, – деді әкім інісі.

– Тапсырманы тастай етіп бекіткін. Қайтып бөтен әңгіме қоздамай, сол өз ауданыңның деңгейінде шешілсін. Кісі өліпті, оның жаласын жазықсыз біреуге жауып шуылдасып жатыр қызылсулықтар дегендей бөстекі сөз өзіңе де абырой емес. Егер арыз сендерге тоқтамай, жоғарыға өрлесе, маған қоя бер.

– Бәрі түсінікті, ағасы! Орындалады! – дескен Астана мен ауданның ұзын-сонар сөздері осылай түйінделді. «Қызыл су» ауылынан жеткен суыт хабар бойынша ауданнан тергеу тобы аттанып, гуілдесумен шақыртылған полиция бірер сағаттан соң жаңа ат басын «Қызыл суға» тіреді. «Қайғылы оқиғаның қалай болғанын көрген кім бар?» деген тергеушінің сұрағы жауапсыз қалып, «жазым ғой, жазым» десті базбіреулер. Полицияның эксперт-криминалисі Тақан Масанов та осы сөзді мақұлдап: «Көзге көрініп тұр ғой, жазатайым тракторының астына құлап кеткен-ау. Бейшараның езілген жансыз денесін ары-бері сүйрелеп одан әрі қинамай, туысқандары келісе, өз ықтиярларына берейік» деді сөзінің соңын сиырқұйымшақтандыра аяқтап.

– Сен әйтіп қашқақтама. Ертең арыз қабындаса, бәріміз шетімізден жауапқа тартыламыз. Бір туысқанын ілестіріп, орталықтағы ауданаралық экспертке апар. Соның қағазын әкелген соң ғана өзі өлген деген қорытынды жасай аламыз,– деген тергеу бөлімінің бастығы Мұхитхан Сейтқазының бұйрығы орындалды. Бірақ марқұм Әмірбек Хамитұлының өліміне байланысты аудандық полицияның әрекетіне қанағаттанбаған бауырлары арыздарын облыстық ішкі істер департаментіне жолдады.

Облыстық ішкі істер департаментінен келген қылмысты іздеу бөлімінің аға инспекторы, подполковник Едіге Нарұлының тобы тергеу мен іздестіруді қайта бастады. Шабындыққа барып, оқиға орнын көрді. Қазалы үйге соғып көңіл айтты да, «Беларусьті» айналшықтады біраз. Кәдірбекке алдыңғы дөңгелектің майысқан қанатын көрсетіп, қашаннан осылай екенін сұрады. Тергеушінің бетіне жалт қараған ол: «Бұрын-соңды мұның майысқанын байқаған емеспін, бүтін еді» деді. Бүлінген темір қанатқа үңілген Едіге шашырай тиген қара дақтарды қырып, целлофан қалташаға салды. Содан соң оқиға орнына өзінің көлігімен жеке кетіп, онда ұзақ кідірді. Үйге қайтып оралып:

– Әмірбек ағамызбен ерегісіп жүрген ешкім жоқ па еді? – деп сұрағанда әйелі бірден:

– Неге жоқ болсын. Бар ғой. Ажалына айналған сол шабындыққа Тұтқыш екеуінің таласып, ұрысып, жаға жыртысып, бір табақтан дәм жемей жауласқанына қаншама жыл. Ол жағдайды осы ауылдың бәрі біледі. Пәлеге сол ұшыратты-ау! – деді де жылауын үдете жөнелді.

Тағы да ауыл адамдарының үш-төртеуімен сөйлескен подполковник аудандық ішкі істер бөліміне соқты. Полицияның эксперт-криминалисі Тақанмен пікірлесіп, ауданаралық экспертизаның мәйітті көрген өкілі Сыздық Әлібекұлын шақыртты. – Екеуіңе бір сұрақ. Жарақаттарын тексеру кезінде арызда көрсетілгеніндей Әмірбек Хамитұлының омыртқасының өткір нәрсемен шабылғанын байқамадыңдар ма?– Бекер сөз. Мәйітте ондай қосымша жарақат жоқ. Тек трактордың басқан ізі мен күйреген омыртқа, қабырғалары ғана. Өлім сол сүйектің майдаланудан, жұлынның үзілуінен болған,– деді екеуі қосарлана.– Тракторды жөндеу үшін дөңгелектің астына кіргенін қалай білдіңдер?

– Оң қолында ұстаған кілті бар. Содан-ақ белгілі емес пе? – деді полиция криминалисі.– Трактор белінен мыжып өтсе де, қолындағы кілтті тастап жібермеген бе сеніңше?– Бірден өліп кетсе, қолындағы затын тастауға үлгермеуі де мүмкін ғой.

– Өңкей «мүмкін ғойға» сүйенетін сендей «білгіш» криминалистпен талай қылмысты ашып емес, басып тастауға болады екен,– деген подполковник ауданаралық экспертің өкіліне қарады.

– Сен неге мәйітті зертханаға кіргізбей, мына «білгіш» эксперттің айтқаны бойынша қағазға жазып, қайтара салдың?

– Ондай болған жоқ, – деді екеуі бірдей қосарлана.

– Солай болған. Оны Әмірбек Хамитұлының мәйітін сендермен бірге алып барысқан қайнысы Байжаныс Қамысбекұлы маған нақтылай баяндап жазып берді. Сендерге байланысты бөлек ұйғарым шығарамын. Егер менің дегендерімді қатеге жорытамыз десеңдер, марқұмның туыстарымен келісіп, қабірді аштырып, мәйітті эксгумация жасатамын. Содан кейін екеуіңе қатысты кесімді сөзді сот айтады. Әзірге бара беріңдер,– деді Едіге.

Бұдан соң алғашқы тергеуді жүргізген капитан Мұхитхан Сейтқазыны шақыртып, оқиға орнын көргендегі ерекше жәйттерді тәптіштей сұрады. Тергеуші Мұқитхан ол маңайды бірнеше мәрте айналып зерттегенімен, ерекше ештеңе байқалмағанын баяндады. – Сен қалай ойлайсың? Моторы қосулы, бірақ жылдамдықты ауыстырғыш құралы қалыпты күйдегі теп-тегіс жерде тұрған трактор оқыстан ақырындап қозғалған жағдайда, дөңгелегінің астына кедергі зат тастасаң тоқтай ма, тоқтамай ма?– Әрине, тоқтайды.

– Неліктен тоқтайды?

– Жылдамдықты ауыстырғыш құралы қосылмаса, кедергіден өтіп кететін қуат күші болмайтыны беп-белгілі емес пе?

– Ал Әмірбек Хамитұлының тракторы теп-тегіс жерде дөңгелек астында көлденеңінен жатқан иесінің денесіне, яғни кедергіге неге тоқтап қалмай, басып өтті деп есептедің? – Мен көргендегі трактордың тұрған жері тегіс емес, еңіс. Сондықтан төменге қарай оқыс қозғалған трактор жайлатып емес, бірден екпіндете жүрген де, қайғылы жағдай орын алған.

– Оқиға орнын да, жер жағдайын да сен дұрыстап көрмегенсің. Ол маңайдың бәрі бұдырсыз жазық. Ондай мидай тегістен екі-үш адам жабыла итермесе, зілдей «Беларусь» өздігінен қозғалмайды. Жалпы, трактордың жағдайы бұрын қандай еді? Иесі өлген соң қандай екен? деп сараптап байқадың ба?– Сонша ұқсиюдың қажеті қанша? Бәрі ап-айқын ғой. Қауіпсіздік ережесін сақтамаған иесін тракторы басып кеткен.

– Трактордың сол жақ дөңгелегіндегі қанаты қатты затпен ұрғаннан майысқан. Түскен дақ жаңа. Марқұмның інісі Кәдірбектің жазуы бойынша ондай майысу бұрын болмаған. Сол бүлінген темірге қан дағы жұққан. Сенің есебіңше жатқан адамды трактор басқанда, қанның соншама биікке дейін шашырауы мүмкін бе?– Әртүрлі жағдайдың ұшырасатынына ешкім жоқ дей алмайды ғой. Шашыраса шашырап қап шығар.– Қастандық болуы мүмкін деген күдікпен қылмыс құралын да іздемепсіңдер. Ауыл адамдарының арасында Әмірбекпен ерегісіп, текетіресіп жүргендердің кездесуі де мүмкін ғой. Ондайды да сұрамағансыңдар-ау байқауымша. Әмірбектің тракторына жақын маңдағы шабындықты жапырып өткен өзге «Беларусьтің» ізі көзге шалынбады ма?

– Ондай ізді қалай байқайсыз? Хамиттың баласы Әмірбек өлді дегенде бүкіл ауыл трактормен де, машинамен де, тіпті атпен де жапатармағай шабындыққа қарай андыздаған. Соның салдарынан айналаның бәрі шиырлаған іздер. Біткен істі арыз бойынша тексергеннің жөні осылай деп, соншама ежіктеп, екі криминалисті де шәңгекке іліп, оған мені де қосарлағандағы сіздің мақсатыңыз не? Біздің жасаған тергеу амалдарымызды бекерге шығарып, жоқ қылмыскерді ойлап тауып, абыройға кенеліп, сыйлық, атақ алу ма? Әйтпесе, неменеге мыжыта бересіз? Өлер адам – өлді. Барлық жұрт оның өлімін өзгеден емес, өзінен көріп отыр. Тракторы байқаусызда басып кеткен деп.

– Маған абырой, атақ емес, қылмысты ашу – маңызды.

– Қылмыс болмаса да, жоқ қылмысты барға айналдырып, қылмыскерді таптым демексіз ғой. Сол енді мақтану, атақ іздеу емей не сіздіңше?

– Осы ауданның полиция бөлімінде облыстағы бір дәудің жекжаты бар деуші еді. Сол сенсің-ау деймін. Сөздерің, жүдә, ірі. Бекерге тәжікелеспей, бұған қатысты әңгіменің дұрыс-бұрысын істің қорытындысына қалдырайық. Тергеу аяқталған жоқ. Мен әзірге қайттым қалаға, – деген Едіге жолға шыққанымен, қалаға емес, «Қызыл су» ауылына бұрылды. Учаскелік инспекторды шақыртып, Тұтқышты алдыртты.

– Әмірбекпен көптен араз екендіктеріңізді, шабындыққа таласып талай жаға жыртысқандарыңызды бүкіл ауыл айтып отыр. Сырт көзбен безбендегенде, Хамитұлының өлімін сол екеуара ерегістеріңізбен байланыстыратындай. Арыз бойынша тексеруге келген мен үшін ешкімнен ешқандай күдік қалмауы тиіс. Өзіңізді осы күмәнді жағдайлардан ақтайтын қандай дәлелдеріңіз бар? Сізге қатысты туындаған әлгіндей алыпқашпа сөздерден сенімді дәлелдеріңізбен ғана құтыла аласыз. Әйтпесе, ағайын арасындағы кіржіңкіржіңнің басылуы қиын. Сондықтан да сізге арнайы ат басын бұрдым.

– Ұрысып-таласып қалатынымыз рас. Бірақ өлтіру деген ой үш ұйықтасам түсіме кірген емес. Әлгі бес жүз гектар шабындық та, жалпы сол маңайдағы бос жерлердің бәрі де биыл, тіпті жақын арада біздің шаруашылықтың меншігіне өтеді. Осыдан хабардар мен онымен не үшін таласуым керек?

– Дұрыс. Егер жердің бәрін иеленіп қойсаңыз, Әмірбек ағайыныңызбен ерегісудің сіз үшін түкке де қажеті жоқ. Соңғы сұрағым, сіз Хамитұлы өлген күні және сол сағаттарда, яғни сағат таңғы бес пен жетінің арасында, қайда болдыңыз?– Шөп ору басталған соң, қол тимейтінін ойлап, үйдегі мал қорамды бүтіндеу үшін жыңғыл шабуға кеткенмін.– Жыңғылды немен шабасыз?

– Немен шапқаны несі? Әрине, балтамен.– Балтаңызды жыңғыл шабу үшін әбден қайрап алып шықтыңыз делік...

– Әлбетте, солай болады ғой, – деген Тұтқыштың дауысы құмығыңқылау естіліп, тергеушіге үркектеңкіреп қарай бастады. Не пәлені маздатпақсың дейтіндей жанарындағы өлімсіреген сансыз жылтылдар.– Сол балтаңыз қайда? – дегенде «балтаңды тауып алып, құртқын» деген көкесінің ескертпесі Тұтқыштың есіне оралды. Асыға-аптыға іздеген. Бірақ қалың шабындықтан қайдан оп-оңай табыла қойсын. Ышқына лақтырғанда қай тұсқа түскенін де аңғармапты. Мына тергеушіге дәл қазір оны тауып бере алмасы анық. Сұрағанын қоймаса, үйдегі балтамды көрсетемін де деп көңілін демдеген ол: – Үйде ғой, қайда кетеді дейсіз, – деді. – Жоқ, балтаңыз үйіңізде емес, менде, – деген подполковник балтаны үстелдің астынан алып үстіне қойды. – Сіздікі ме? Тұтқыш тілсіз бозарды. Есінен танып отырғандай.

– Балтаның жүзіне қатқан қара дақтардың қан екені даусыз. Бұл қанның кімдікі екенін және балтаның сабындағы қолтаңбалардың кімге тиесілілігін экспертиза лезде анықтап береді. Оқиға менің топшылауымда былай болған сияқты: Дөңгелектің қанатын балтамен соққан сізді Әмірбек Хамитұлы ұрды. Құладыңыз. Одан әрі қарсыласыңыз дөңгелектің майысқан теміріне қарай бұрылғанда, орныңыздан тұрдыңыз да, ту сыртынан балтамен шаптыңыз. Солай ма?! – деп екпін түсіре сұраған подполковниктің алдында Тұтқыш Рақышұлы қылмысын мойындағандай үнсіз мөлиді.

**Бағдат ҚАЛАУБАЙ**

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор
**Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

**Меншік иесі:**
**«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»**
ЖАУАПКЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

| | |
|---|---|
| **Астана** | Айша Құрманғали 8 707 851 91 13. |
| **Алматы облысы** | Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84. |
| **Ақтөбе облысы** | Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83. |
| **Атырау облысы** | Боранбай Ғалиев 8 775 543 03 80. |
| **Маңғыстау облысы** | Жазира Әбіл 8 702 514 54 44. |
| **Қызылорда облысы** | Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86. |
| **Түркістан облысы** | Сейітхан Құлмаханбетов 8 707 721 19 59. Шадияр Мекенбайұлы 87757335665 |
| **Батыс Қазақстан облысы** | Нұрлыбек Рахманов 8 707 177 80 70. |

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы,
Х.Досмұхамедұлы көшесі
68 «б»-үй.
Қабылдау бөлмесі:
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.
**Жеке таралым 5527 дана**
**Апталық таралым 11 054 дана**

Тапсырыс №162 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31